ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ
МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТЕХНИКАЛЫҚ РЕТТЕУ ЖӘНЕ
МЕТРОЛОГИЯ КОМИТЕТІ

КОМИТЕТ ТЕХНИЧЕСКОГО
РЕГУЛИРОВАНИЯ И МЕТРОЛОГИИ
МИНИСТЕРСТВА
ТОРГОВЛИ И ИНТЕГРАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҰЙРЫҚ

2024 жылғы 29 ақпандағы
Астана қаласы

ПРИКАЗ

№ 85-НҚ
город Астана

Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2020 жылғы 22 мамырдағы № 179-НҚ «Қазақстан Республикасы аумағында «Қаптаманың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 005/2011) Кеден одағының техникалық регламентімен өзара байланысты Беларусь Республикасы және Ресей Федерациясының ұлттық стандарттарын қолдану туралы»

Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 5 қазандағы № 183 «Стандарттау туралы» Заңы 27-бабының 1-тармағына, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының «Халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі туралы қолданылуы нәтижесінде ерікті негізде ««Қаптаманың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 005/2011) Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарын және халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың, зерттеу (сынау) және өлшеу қағидалары мен әдістерін, оның ішінде «Қаптаманың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 005/2011) Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарын қолдану және орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі туралы» 2024 жылғы 29 қаңтардағы № 9 шешіміне сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 2020 жылғы 22 мамырдағы № 179-НҚ ««Қазақстан Республикасының аумағында «Қаптаманың қауіпсіздігі туралы» (КО ТР 005/2011) Кеден одағының техникалық регламентімен өзара байланысты

000784

Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының ұлттық стандарттарын қолдану туралы» бұйрығына қосымша баяндалсын.

2. «Қаптаманың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 005/2011) Кеден одағының техникалық регламенті талаптарына сәйкестігін бағалау кезіндегі зерттеулер (сынаулар) және өлшемдер жүргізу мақсатында осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес өзара байланысты Беларусь Республикасы және Ресей Федерациясының ұлттық стандарттары қолданысқа енгізілсін.

3. «Қазақстан стандарттау және метрология институты» (ҚазСтандарт) шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны стандарттарды қолдану туралы ақпаратты стандарттардың ақпараттық сілтеуішінде жарияласын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті жетекшілік ететін төраға орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Сауда және интеграция
министрлігі Техникалық
реттеу және метрология
комитетінің төрағасы **Қ. Елікбаев**